

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

немесе көз ишарасын жасау, бұл бейтаныс кісілерге де құрмет болып есептеледі. Топпен сәлемдесу кезінде "你们好" деп бастау керек. Егер сіз сол топтың ішінде тұрсаңыз, амандасуға өз тарапыңнан сәлем қабылдағандық танытуға тиіс. Қысқасы көпшілікпен амандасқан кезде міндетті түрде сыпайылықты жоғалтпау керек.

Егер сәтсіздікке ұшыраған не қайғылы жағдайда тұрған қытайлық досыңызға кездессеңіз, әуелі оның жағдайын сұрап, қандай жағдайға тап болғанын біліп алып, мүмкіндігінше ортақ, қалыпты атмосфера орнатқан жөн.

Қорыта келе айтарымыз, қытайларда жолыққан кезде қолданылатын сәлемдесу рәсімінің түрлері өте көп, бірақ осының барлығы қатып қалған, мүлде өзгермейтін нәрсе емес. "Әр ұлттың салты басқа, иттері қара қасқа" дегендей, қытайдың дәстүрін білмеген адамға олар түсінікпен қарайды. Қытайдың амандық сұрасу дәстүрі де адамдар арасындағы қарым-қатынастың артуына байланысты сәлемдесу тәсілдері де өзгеріске ұшырап, жаңғыртып отырады. Одан бөлек уақыт озады, заман да өзгереді, соған орай сәлемдесу түрлері де өзгереді. Өзге елдермен аралас жиілеп, адамдардың тұрмыс дәрежесі өсіп, мәдениет деңгейі жоғарылуына байланысты, «你去哪儿» (қайда бара жатсың?), «吃饭了吗?» (тамақ іштің бе?), «买东西了?» (бір нәрсе сатып алдың ба?) деген секілді сәлемдесулер түрлері қолдан шығып, онын орнын көбірек «你好» (сәлем) ауыстырып келеді. [1;50]

Қазірде көптеген шетелдіктер қытай тілін үйренуді осы «你好» деген сөзбен бастайды. Өйткені бұл қытай халқының әрі қарапайым, әрі жиі қолданатын сәлем түрі. Амандықтың бұл түрін қай кезде де, қай ортада да қолдануға болады. Егер тілдік қабілетің жетіп, оны қажетіңе қарай өзге сөздермен ауыстыра алсаңыз тіпті жақсы. Алайда, сәлемнің осы түрін қолданудың өзінде де алдымен қарсы жақтың жағдайына, жасы мен қызметіне көңіл бөлу керек. Біздің елімізде өзіміздің достарымызбен «Сәлем» деп, ал үлкен кісілермен «Сәлеметсізбе» деп амандасамыз. Қытайда да жасы үлкен, жұмыс дәрежесі жоғары адаммен сәлемдескенде «您好»-ды қолданамыз, ұстаздармен сәлемдесу кезінде «老师好» деп сәлемдесуге болады.

Қытайда сәлемдесу барысында есімін атап барып амандасуға тура келсе, аты-жөнін толық айтпау керек, себебі олай айту ерсі болып саналады. Сондықтан, фамилиясының артына қызметін, атақ-дәрежесін қосып айтып, содан кейін амандық сұрайсыз. Мысалы, «王老师, 您好» (Уаң мұғалім, сәлеметсіз бе?) деп амандасуға болады. Егер Уаң университет ректоры болса, «王校长, 您好» (Уаң ректор, сәлеметсіз бе) деп сәлемдескен дұрыс. Бұлай амандасу жалпы міндетті емес, тек қарсы жақтың атын атап сәлемдесу қажет болған жағдайда деген сөз.

«Әдептілік сәлемдесуден басталады» дейді дана халқымыз. Амандасу әр халықтың мәдениетінің алғашқы беташары. Амандасу – бейбіт пейілдің, достық ықыластың белгісі. Алғашқы кезде адамдар «Міне, көрдің бе, қолымда дәнеңе жоқ, қарусызбын» дегенді білдіріп, оң қолды көтерген. Осындай ізгі ишара біртіндеп, амандасу рәсіміне айналған. Осымен, амандасу қай халықтың болсын дәстүрінің беташары, мәдениетінің көрінісі болып есептеледі. «Сәлемі түзудің әлемі түзу» деген халқымыз, сондықтан бір-бірімізге жылы шырай танытып, мейіріммен амандасуды ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Д. Мәсімханұлы «Қытай туралы қырық сөз»-Астана:Фолиант баспасы, 2014. 559 б.
2. Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

ӘОЖ 94 (315)

ҚЫТАЙДАҒЫ ИМПЕРАТОР САРАЙЫ: «ЖАБЫҚ ҚАЛА ГУГУН»

Табылған Жаңылсын Абайқызы

Гугун сарайы 500 жыл бойы Қытайдың 24 императорына қызмет еткен, қарапайым адамдарға есігі жабық сарай. Бұл сарайға кіргісі келген немесе кірген адамдардың барлығына өлім құшты. Ортағасырлық қытай сәулет өнерінің таңдаулы ескерткіші болып табылады. 1420 жылы Бейжің орталығындағы Тянаньмэнь алаңының солтүстігіне қарай созылған Мин және Цин әулеті императорларының сарайы болды. Аумағы 723 600 метр квадрат. Айналасының биіктігі 10 метр дуалмен қоршалған.

Бір қызығы, бұл сарайдың әр бөлмесіне бір күннен қонып шығу үшін 27 жыл қажет болған. Тіпті сенімді уәзірлерден басқа ешкім императордың қай бөлмеде ұйықтайтынын білмеген. Осылайша императорды бөтен қылмыскерлерден қорғаған деседі.

Гугун сарайының толық аты- Цзы Цзин Чэнь, аудармасы- темір түсті тыйым салынған қала. Қытай елінде императорды Аспан ұлы деп атаған. Ал Аспан ұлының тұрағы – Темірқазық деп есептеген. Патшалығы- аспан маңындағы тыйым салынған немесе темір қала. Темір түсті тыйым қала деп аталу себебі де сондықтан.

1420 жылдан 1912 жылғы аралықта бұл сарай Мин әулетінен бастау алып, Цин әулетіне жалғасып, императорлардың отбасылары тұрақты тұратын, сондай-ақ, Қытай елінің салтанатты және саяси орталығы ретінде қызмет атқарды.

1987 жылы Қытай нысандарының арасында Гугун сарайы алғаш болып Дүниежүзілік адамзат мұрасы, ежелгі ағаш құрылымдарының ірі жинақта сақталған негізі ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген еді.

Гугун сарайының тарихы. Мин әулеті. Моңғолдың Юань дәуірінде Гугун сарайы сол алып империяның территориясында болды. Кейін Юань әулеті құлағаннан кейін, Мин әулетінің императоры Хун Уй астананы солтүстік Бейжіңнен оңтүстік Нанкин қаласына көшіріп, 1369 жылы Юань қаласын жерден жойып жіберді. Оның ұлы Чжу Диге Янь ханзадасы атағын және Бейжіңнен орын береді. 1402 жылы ұлы Чжу Ди «Юнле» деген атпен таққа отырады. Ол Бейжіңді Мин империясының орта астанасы етіп, 1406 жылдан бастап Тыйым қаласының құрылуын бұйырады. Ең алған Гугун сарайының жоспары Чжу Ди ханға сызбасын берген қарапайым монахтың түсіне кірген деген аңыз бар. Сонымен қатар, осы уақытта ең ауқымды жобаның да құрылысын бастаған еді, Уданшань қаласына дао храмдары мен көптеген ғибадатханалар салады, алайда өзі ешқашан бұл жерлерге аяқ баспады. Тыйым қаласы көптеген сәулетшілер мен дизайнерлердің көмегімен жоспар жасады, содан кейін Еңбек Империял Министрлігімен зерттелді. Бас инженерлер мен сәулетшілердің арасына Кай Синь, Вьетнам уәзірі Нгуен Ан, Куай Сиань, Лу Сиань және т.б. Жүз мыңға жуық білікті шеберлер, тас ою және ағаш шеберлері, суретшілер және миллион құрылысшылардың еңбектерімен Гугун сарайы құрылысына 15 жылдай уақыт кетеді. Үлкен террастар және ірі тас петроглифтері Бейжіңде жақын карьерлерді тас жасалды. Ірі заттарды қарапайым жолмен тасу мүмкін емес болды, сондықтан жолдардың бойларында ұңғымалар қазылды, сол қазылған шахта арқылы жеткізіп отырды. Гугун сарайы аяқтамалмастан бұрын Чжу Ди Нанкиннен Бейжіңге қоныс аударады. Ал 1420 жылы Гугун сарайының құрылысы толық аяқталғаннан кейін, Чжу Ди Бейжіңді ресми түрде астанасы етіп жариялады. Бірақ, 9 ай өтпей Гугун сарайының тақ сарайын қосқанда, негізгі 3 сарайы өртеніп кетті. Гугун сарайы 1420 жылдан 1644 жылға дейін Мин әулетінің орталығы болды. Тыйым қаласында императордың отбасы, уәзірлер, қызметшілер және көптеген құлдар мен күндер тұрған. Бұл қалаға рұқсатсыз кіру- өлімді білдірді, сонымен қатаң жаза- өте баяу әрі ауыр болды. Осыған қарамастан, көптеген адамдар ішінде не болып жатқанына өте қызықты. Кейбір адамдар ондай мүмкіндікті тек 1644 жылы алды. Мин императоры Чжун Чжынь адамдар аш болып қырылып жатқан кезде, өзі тоқ болып салтанат құрып жатқан кездері де болған. 1644 жылы сәуір айында Ли Цзы Чен бастаған бүлікші күштер қалаға кіріп басып алады, ал сол кездегі

Мин императоры мас есеңгіреу болған делінеді. Ол өзінің әулетін қорғау үшін барлық әйелдерін өлтіріп, қызының қолын кесіп, өзі Цзинь Шань төбесінде асылып өзіне қол жұмсады. Сонымен, Ли Цзы Чен өзін Шун әулетінің ханы деп жариялады, алайда ол ұзаққа созылмады. Манчжурь әскерлерімен соғыста Гугун сарайының жартысы өртенген соң ол өз басын аман сақтау үшін қашып кетті.

Цин әулеті. 1644 жылдың қазан айында Манчжурь әскерлері жеңіске қол жеткізген соң Дорғон ханзада Мин мұрагері ретінде Цин әулетінің ханы етіп жариялады. Аңыздың айтуынша «Цин әулеті әйелдердің қолынан құлап түс» деген Цин әулетіне қарғыс тиді дейді. 1644 жылы Цин әулеті келгеннен кейін сарайда құпиялар одан сайын қызықтырақ бола түсті. Мұнда 3000-нан астам уәзірлер мен 1000-нан астам күндер тұрған. Уәзірлердің барлығы шу шығарушылар, ал күндер барлығы шпиондар болған. 1853 жылы 17 жастағы Цы Си күң ретінде сарайға алып келінген болатын. Уақыт өте келе ол Қытайдың ең ықпалды әйеліне айналды, және ол тек қана Цин әулетін жою емес, сондай-ақ бүткіл Қытай императорлығының жоюлуына алып келді. Ол өзінің 2 жастағы туысы Пу И мұрагер болмағанша Қытайға үстемдік етті. Пу И- Тыйым қаласының соңғы ханы болды. Алайда, 1912 жылы 5 жастағы Пу И тақтан бас тартты, бірақ оған сарайда қалуға рұқсат берді.

Гугун сарайы 24 император, 14 Мин әулетінің хандары мен 10 Цин әулетінің хандарына қызмет етіп, 1912 жылы елдің саяси орталығы болуын тоқтатты. 1914 жылы Сыртқы сарайда мұражай құрылған болатын.

1923 жылы өрт Гугун сарайының біраз қоймаларын өртеді. Көптеген адамдар оны уәзірлер корольдік қазынаны ұрлау үшін өрт қойды деп есептеді. 1925 жылы 24-ші император Пу И сарайдан кетеді де тура 24 жыл өткен соң жұртшылық қоғам үшін қайта ашылды.

Тыйым сарайының жоспары. Тыйым қаласы тіктөртбұрышты бейнелейді, ұзындығы 961метр. Ол 8886 шығанақ бөлме мен 980 ғимараттардан және 9999 бөлмелерден тұрады. Гугун сарайы 2 бөлікке бөлінген: ішкі сарай және сыртқы сарай. Сыртқы сарай оңтүстік бөлікті қамтыды, оны көбінесе салтанатты рәсімдерде пайдаланды. Ішкі сарай солтүстік бөлікті қамтыды, ол император мен оның отбасының және күнделікті қоғамдық қызметтерге арналды. Гугун сарайы ұзындығы 3400 м, биіктігі 7,9 м қабырғамен қоршалған, бұл қоршалған қабырғалар сыртқы жаулардан сақтануға қызмет етті. Төрт қабырғалардың бұрыштарында шатыр құрылған, сол шатырда сары павильонды Сун әулетінің картинасы бейнеленген. Әр қабырға қақпалармен қамтамамыз етілген. Оңтүстік қабырға негізгі қақпаға жол ашады. Негізгі қақпа 2 қанатқа бөлінді, әр қанатта 3 жаққа қалыптастырылған қақпа бар, сол 5 жолға бөлінеді. Ең маңызды жол бұл -асфальтталған император жолы, бұл жолдан император және оның әйелі, сонымен қатар империялық емтиханнан өткен студенттердің өтуге құқы болды.

Гугун сарайының нышандары. Гугун сарайының дизайнын жосапарлаған кезде философиялық және діни қағидаттарын бейнелеу мақсаты мұқият әзірленген. Көптеген мысалдарына тоқталсақ:

Сары түс- император түсі. Сондықтан, сарайда шатырлар сары плиткалармен жабылған. Тек екі ерекшелігі болды: Қара түс- өрттердің алдын алу мақсатында, кітапханаларда және басқа құнды заттар сақталған жердің шатырларына қара түсті плиткалармен жабатын болған. Жасыл түс- бұл өсімді білдіреді, сондықтан мұрагер тұратын орындар жасыл плиткамен жабылған. Барлық Ішкі және Сыртқы сарайлар үш топқа біріктірілген-Циань форматында, яғни аспанды бейнелеу мақсатында. Ал жерді бейнелейтін формат- Ішкі сарайдағы 6 топқа біріктірілген Кун форматы.

Ғимараттардың шатырларында адам мініп алған феникс және оның артында айдаһар бейнеленген. Бұл мүсіндер ғимараттардың мәртебесін білдіреді. Гугун сарайындағы ғимараттар Ли Цзи бекіткен ежелгі дәстүр бойынша әзірленді. Осылайша, ата-баба ғибадатханалары-сарайдың алдында, ал тұрғын үйлер- сарайдың артында орналасқан.

Әсері. Гугун сарайы соңғы жылдары көптеген фильмдер мен сериалдарда көрсетілуде. Мысал айта кететін болсақ: «Тыйым қаласа» (1918ж.), қытай ханшайымы мен

америкалықтар туралы көркем фильм. «Соңғы император» (1987ж.), Гугун сарайының соңғы императоры Пу И туралы фильм. «Марко Поло» (1980ж.), Юань әулеті туралы фильм. Гугун сарайында атақты топ “30 Seconds to Mars” «From Yesterday» әніне бейнебаян түсірді.

ӘӨЖ 81'373.423:811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ОМОНИМ СӨЗДЕР

Тастулекова Айман

aimashka_ts@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қытай филологиясы
мамандығының 2-курс студенті

Қытай тілін енді үйреніп келе жатқан жаңа бастаушылар қытай тілін үйренудің басты қиын жақтары ол - иероглифтер, тондар, фразеологизмдер және тағы басқалары деп ойлайды. Бұл әрине дұрыс пікір, бірақ қытай тілінің кейбір грамматикасын түсініп алу үшін өте көп уақыт кетеді. Қытай тілі әлемдегі ең омонимдік тіл болып саналады. Омонимия – әлемнің барлық тілінде таралған құбылыс. Тіл білімінде омонимдерді анықтап түсіндірудің 4 амал-тәсілі бар, бұл мақалада омонимдердің бірдей дыбысталып, әр түрлі мағынада қолданып пайдаланатын тәсілін қарастырамыз.

Жалпы алып қарағанда, қазіргі заманғы қытай тілінде шамамен алғанда 1300 буын бар. Шектеулі әрі шамалы буындар, буындардың қайталануына әсер етеді. Сол себепті қытай тілінде омоним сөздер өте көп кездеседі және қолданылады. Әр түрлі есептеулер бойынша қытай тілі лексикасында омонимдар саны 10% және 16%-ын құрайды.

Омоним (грекше аударғанда *uoс* бірдей + *uoиa* аты) - әр түрлі мағынасы бар, бірақ дыбысталуы мен жазылуы бірдей болып келетін сөздер. Омоним терминін алғаш рет Аристотель енгізген.[3] Жалпы тіл білімінде және қытай тіліндегі тіл білімінде қай сөздерді омонимдер қатарына жатқызу туралы көзқарастар көп қарастырылады:

1. Омонимдер – дегеніміз бірдей фонетикалық құрылымы бар, бірақ әр түрлі мағына беретін, олардың графикалық жазылуынан тәуелсіз.(В.В.Виноградов, О.С.Ахматова, Л.А.Булаховский және басқалары)
2. Омонимдер – бірдей дыбысталатын және мағынасы әр түрлі сөздердің міндетті түрде бірдей жазылуы болуы керек. (В.В.Броун, И.В.Арнольд, Н.М.Шанский).
3. Омонимдер – дегеніміз бірдей дыбысталатын сөздер, әр түрлі мағынасы және жазылуы бар сөздер. (Х.Огата, Р.Инглотт)
4. Омонимдер – графикалық жазылуында ұқсастығы бар, ал дыбысталуында тәуелсіз сөздер. (В. Скит)
5. Омонимдер – дыбысталуы бірдей және мағынасы бар, сонымен бірге екпін ескерілмейді.

Қытай тіліндегі тіл білімінде омонимдерге деген ерекше қызығушылық 50-ші жылдары пайда болды, қытай иероглифтік хатының реформасының сұрақтарын талқылаудың байланысты уақытына, оның негізгі мақсаты иероглифтік хаттан фонетикалық жазбаға көшу болды. Осындай ауысы үлкен қиындықтармен байланысты болды, қытайлық ғалымдардың ойлары бойынша омонимдер сол қиындықтардың қатарына кіреді. Қытай тіліндегі екпін қытай тіліндегі сөздердің ең ажырамас фонетикалық бөлшегі болған соң, сөздердің тек бірдей дыбысталуы ғана мән беріп қоймай, олардың екпіндеріне де бірдей мән беру тиіс, сол кезде ғана оларды қытай тіліндегі омоним сөздер деп санауға болады.

Омонимдер, қытай тілінде (同音词 *tongyincі*) – бұл бірдей дыбысталатын бірақ мағынасы әр түрлі болып келетін сөздер тобы айтады. Сонымен бірге омонимдердің бірдей дыбысталатындығын ескере отырып, сонымен қатар оның идентикалық фонема құрамы және этимологиялық екпінің де ойда тұту қажет.